



Автор: БАЗАРБАЕВА АҚЕРКЕ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Пән: Математика


Сынып: 6-сынып


Бөлім: Рационал сандар және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Рационал сандарды салыстыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.2.8 бүтін сандарды салыстыру; 6.1.2.8 рационал сандарды салыстыру;
Сабақтың мақсаты:	- Оқушылар берілген координаталық түзуде рационал сандарды салыстырып үйренеді және дағдыланады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: <ul style="list-style-type: none">сан модулінің мәнін қалай есептеу керектігін түсіндіреді. Пәнге қатысты лексика мен терминология;рационал сандар; координаталық түзу; бірлік кесінді; санақ басы; оң бағыт; теріс бағыт.
Күтілетін нәтиже:	Сан модулінің мәнін қалай есептеу керектігін түсіндеді
Бағалау критерийлері:	- бүтін сандарды салыстыра алады; - рационал сандарды салыстыра алады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылардың бір-біріне деген құрмет, басқаның пікірін тыңдау, өз пікірін еркін білдіру дағдыларының қалыптасуы бірлескен жұмыс арқылы іске асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	http://www.bilimland.kz/ , интернет-ресурстарды пайдалану
Бастапқы білім:	Координаталық түзу, рационал сандар түсінігі, қарама қарсы сандар, санның модулі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5)	Ұйымдастыру кезеңі: <ul style="list-style-type: none"><input type="checkbox"/> Оқушылармен сәлемдесу<input type="checkbox"/> Психологиялық тренинг: «Сәлеметсің бе!» әдісі Ал енді, балалар, барлығымыз жұппен тұрып, бір-бірімізбен «Сәлеметсің бе?!» әдісі арқылы амандасайық. Оқушылар кезек-кезек көршісінің аттас саусақтарына қолын тигізеді. Бас бармақтан бастайды: <ul style="list-style-type: none"><input type="checkbox"/> Мен саған (бас бармақ);<input type="checkbox"/> Барлығында (балан үйрек);<input type="checkbox"/> Табыс (ортан терек);<input type="checkbox"/> Сәттілік (шылдыр шүмек);<input type="checkbox"/> Тілеймін (кішкентай бөбек);<input type="checkbox"/> Сәлеметсің бе! (алақанын тигізеді).<input type="checkbox"/> Үй тапсырмасын тексеру Үй тапсырмасын топ басшылар топ мүшелерінің үй тапсырмаларын тексеріп шығады. /жауабын интербелсенді тақтада көрсетемін/. Үй тапсырмасын дұрыс, бұрыстығын тексеріп, оқушылар « Бағдаршам » әдісі арқылы өздерін бағалайды.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10)	<p>Өткен сабақ бойынша білімдерін тексеру «Бор беру стратегиясы» әдісі арқылы үй тапсырмасын қорытындылау.</p> <p>Сандарды салыстырыңдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 11 және -3 2) -2 және -6 3) -33 және -47 4) 18 және -26 5) 79 және -12 6) -16 және 46 7) -49 және 0 8) -7 және -7,1 9) 11 және -11 10) 5 және -4 <p>Дұрыс, бұрыстығын тексеріп, оқушылар бір – бірін бағалайды.</p> <p>Топтық жұмыс. «Қоржын» әдісі арқылы әр топ өз тапсырмаларын таңдап алады.</p> <p>1-қоржын. №360 есеп тақтамен жұмыс Берілген теңсіздікті тура теңдікке айналдыратын барлық бүтін теріс сандарды жазыңдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) $-8,2 \leq x \leq 4$ 2) $-3 < x \leq 7$ 3) $-7 \leq x < 1,2$ 4) $-5 < x \leq 3$ <p>Дескриптор: Білім алушы:</p> <p>Берілген теңсіздікті тура теңдікке айналдыратын барлық бүтін теріс сандарды жазады. Оқушыларды смайликтер арқылы бағалаймын.</p> <p>2-қоржын. Координаталық түзуге ең үлкен және ең кіші рационал сандарды белгіле: -5; -4; -3; -2; -1; 0;</p> <p>Дескриптор: Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Координаталық түзу сызады; <input type="checkbox"/> Берілген санды координаталық түзуге белгілейді; <input type="checkbox"/> Ең үлкен және ең кіші рационал санды табады. <p>3-қоржын. Bilim land-тен тест тапсырмасы.</p> <p>Дескриптор: Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <input type="checkbox"/> Bilim land-тен тест тапсырмаларын топпен бірлесе, ақылдаса орындау. <p>«Басбармақ» әдісі арқылы өз – өздерін бағалайды</p>	<p>Image not found or type unknown</p>  <p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/sandardy-salystyru?mid=0070a2f7-9d5a-1</p>
Сабақтың соңы (10)	<p>«Bilimland» арқылы тапсырмалар орындау. Тапсырмаларды жұппен орындайды.</p> <p>Тапсырмаларды орындап болған соң өз-өздерін «Басбармақ» әдісі арқылы бағалайды.</p>	<p>Жұптық жұмыс</p> <p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/sandardy-salystyru?mid=0070a2f3-9d5a-1</p>
Рефлексия (5)	<p>«Қызық,Қиын,Құнды» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабаққа кері байланыс береді.</p>	